




АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2
0
2
5



Сәбитова Арайлым Сәбитқызы,
Абдулова Гулжан Нурбековна

МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

«Ақтөбе облыстық
әдістемелік орталығы»
баспа бөлімі

АҚТӨБЕ - 2025

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде
қарастырылып, баспаға ұсынылды

Құрастырушылар: Сәбитова Арайлым Сәбитқызы, Абдулова Гулжан
Нурбековна - №43 «Гүлдәурен» балабақшасының тәрбиешілері

Пікір берушілер:


А.А.Искендірова - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.м.
С.О.Жубаева - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім басшысы,
ф.ғ.м.

Әдістемелік құралдың негізі мектепалды даярлық топ балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған, бойынша математикадан баланың салыстыру, байқау, танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерулеріне, зейінін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға үйренеді. Берілген материал «Таным» білім саласы бойынша жүзеге асырылады. Әдістемелік құрал мектепалды даярлық топ тәрбиешілеріне арналған.

Тақырыбы : Бүтін және бөлік

Мақсаты: Балаларға пішіндерді бөліктерге бөлуге болатындығы арқылы, екі бөлікке, төрт бөлікке бөлу түсініктерін дамыту. Тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу, ой- өрісін дамыту.

1. Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінген? Өзің таңдаған түспен боя.



2. Ұяда бес балапан жүр еді , екеуі шығып кетті. Ұяда неше балапан қалды? Балапандарды қандай түспен бояйсың?



3. Үйректің балапанының тапсырмаларын орындап көр.

$$5 + 2 = 6 - 2 =$$


$$4 - 2 = 3 + 3 =$$



4. Әли нешінші допты әкеле жатыр?



5. Кеселердің саны бесеу, ал шыны ыдыстардың саны да бесеу. Барлық ыдыстардың саны қанша болады?



6. Ең биік ағашта не өсіп тұр?



7. Қайықтың суретінде неше үшбұрыш бар?



Қызықты тапсырмаларды орындайық:


1. 8 тоқаш болды. 2 - үі желінді. Қанша тоқаш қалды? Желінген тоқашты қарындашпен сыз.



2. Себетте 6 өрік бар еді. Айдос 2 өрікті жеді. Қанша өрік қалды? Желінген өрікті қарындашпен сыз.




3. Әнуарда 10 теңге болды. Дәптер алғаннан кейін 5 теңгесі қалды. Дәптер неше теңге тұрады?



4. Далада 7 бала сырғанақ теуіп жүр еді. 2 – еуі үйлеріне кетіп қалды. Сырғанақта неше бала қалды? Кетіп қалған балаларды қарындашпен қоршап сыз.




5. Өзенге 8 үйрек келеді, ал қаздың 2 – уі кем. Қаз нешеу?



6. Педагог геометриялық денелер туралы жұмбақ жасырады. Балалар геометриялық денелердің суретін бояп шығады.

Жұмбақтар:
Үрлейтін затпен аттас, атын ешкім таппас. (Шар)
Үн елесең-елек, су тасысаң-шелек. (Цилиндр)
Дұрыс алты жақ, атын ойлап тап. (Куб)




Куб

Шар

Цилиндр


7. «Мені жылдам зымыранға жеткіз!».



8. Қайсысы ауыр? Дұрыс жауапты қызыл қарындашпен қорша.



9. Қайсысы жеңіл? Дұрыс жауапты қызыл қарындашпен қорша.



10. Қай ыдысқа көп су құюға болады? Сол ыдысты боя.

**Сәбитова Арайлым Сәбитқызы,
Абдулова Гулжан Нурбековна
МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ**



**Әдістемелік құрал автор ұсынған материалдар негізінде
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының
баспа бөлімінде дайындалып, жүйеге келтірілді.**

**Методическая разработка подготовлена и систематизирована
на основе материалов автора в редакционном отделе
Актюбинского областного методического центра**

**Байланыс телефондары:
8-7132-548624**

e-mail: baspa@aktedu.kz



№43 «Гүлдәурен» балабақшасының тәрбиешілері
Сәбитова Арайлым Сәбитқызы мен
Абдулова Гулжан Нурбековна
«МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»
атты әдістемелік құралына

ПІКІР

Балабақшадағы балалардың математикалық ұғымдарын арттыру - олардың білім алудың негізін қалап, келешекте математикалық ойлаудың әрі қарай дамуына жол ашатын маңызды кезең.


Бұл кезеңде балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, сандық түсініктерді қалыптастыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту маңызды болып табылады. Математикалық білім беру балалардың аналитикалық дағдыларын жақсартып, күнделікті өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге дайындықтарын арттырады.

Балабақша жасындағы балаларға математика ұғымдарын енгізу, әсіресе ойын түрінде жүзеге асырылғанда, олардың қызығушылығын және белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Математикалық ойындар мен тапсырмалар балалардың когнитивтік дамуын қолдай отырып, олардың математикалық түсініктерін тереңдетеді және сандық, геометриялық ұғымдарды меңгеруге көмектеседі.

Осы құралды пайдалану арқылы педагогтар мен тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалармен қызықты және шығармашыл түрде жұмыс істей алады, оларды математикалық білімнің негіздерімен таныстыра отырып, болашақта сыни және логикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының бөлім меңгерушісі, Г.Ғ.М.

С.Жубаева



Ақтөбе қаласындағы №43 «Гүлдәурен» балабақшасының тәрбиешілері
Сәбитова Арайлым Сәбитқызы мен
Абдулова Гулжан Нурбековна
«МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»
атты әдістемелік құралына

ПІКІР

Балабақшадағы балалардың математикалық ұғымдарын қалыптастыру - олардың когнитивтік және логикалық дамуы үшін маңызды кезең болып табылады. Осы кезеңде балалардың сандық, геометриялық және кеңістіктік түсініктері негізделіп, математикалық ойлаудың алғашқы қадамдары қаланады. Математика балалардың ақыл-ой қабілеттерін, аналитикалық және сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ оларды күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі мәселелерді шешуге дайындайды.

Математикалық ұғымдарды арттыру балабақшадағы оқу процесінің негізгі мақсаттарының бірі болуы керек. Бұл үрдіс балаларға математика пәнін қызықты әрі қолжетімді түрде ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Математикалық білім беру процесінде ойындар, тәжірибелік тапсырмалар және интерактивті әдістер қолдану балалардың мотивациясын арттыруға және олардың математикалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Осы әдістемелік құралды пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің мамандары балалардың математикалық білімдерін молайта алады, логикалық ойлауын жетілдіреді әрі оларды өмірлік қажетті дағдылармен қаруландырады.

Болашақта қалыптасқан математикалық түсініктер, балалардың жалпы дамуына, сыни және аналитикалық ойлау қабілеттеріне оң әсерін тигізеді.

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының бөлім әдіскері, п.ғ.м.

А.Искендірова

А.Искендірова